



Бекжан ӘШІРБАЙ, ақын:

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ КОРИФЕЙІ

биіктігіне куә болып, қайран қалатынбыз.

Темкеңді қанша қатал дегенмен, ол кісі кез келген адаммен тең дәрежеде пікірлесе де білетін. Онысына дәлел сені кіші демей, ұлы демей, бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көріп жатқан өлеңдеріңді, жазған мақалаңды, поэзиялық топтамаларыңды қалт жібермей, өзінің пікірін білдіріп отыратын. Яғни,

мақтанышпен айтып жүреді екен. Сондай ұстаздың ұстаханасынан шыққан шәкірт ретінде айтсаңыз, Темірбек ағаның қандай адами қасиеттері болды?

– Иә, «Гогольдің шинелінен шықтық» дегендей, журфакта 50-90 жылдары оқыған, журналистиканың бел ортасында жүрген азаматтардың бәрі «Темірбек Қожакеевтің шекпенінен шықтық» деп жүретіндері рас.

– Аға, Темірбек Қожакеевті сан қырлы тұлға ретінде білеміз. Сіз ең алғаш қай қырынан таныдыңыз? Қалай таныдыңыз?

– Қазір үш сатылы білім беру жүйесіне көштік қой: бакалавр, магистр, PhD докторантура. Біз бұрынғы «Жоғары базалық білім жүйесі» деп аталатын ең соңғы бес жылдық оқу әдісімен қазіргі «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде 1991-1996 жылдар аралығында оқыдық. Ол кезде Темірбек Қожакеев ағамыз «Мерзімді баспасөз» кафедрасының меңгерушісі болды да, бізге «Қазақ сатирасынан» дәріс берді. Сондай-ақ маған Темірбек Қожакеевтің шәкірті болу ғана емес, ұлағатты ұстазбен әріптес болу бақыты да бұйырды. Университет қабырғасынан тыс жерде де Темағаңның адами болмысының



бұдан ол кісінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы мерзімді баспасөздің бірін де көзден таса етпей, жіті қадағалап отыратынын байқауға болады.

Темкеңнің он алты жыл университет деканы қызметін атқарған кезеңінде Қазақ журналистика ғылымына, оның теориясының қалыптасуына қосқан үлесі – өлшеусіз.

1986 жылғы оқиғаға байланысты қызметтен шеттетіліп, партиядан шығарылып, қоғамнан «адыраспанмен аласталғандай» күй кешкен кезде де жігері жасымады. Кітапханада, орталық архивте, мұрағатта тапжылмай отырып баспасөздің тарихын, сол кездегі қазақ журналистикасының басында тұрған азаматтардың мұраларын зерттеумен айналысты. Жалпы журналистиканың ғылым деңгейіне көтерілуіне Темкеңнің сіңірген еңбегі зор. Тіпті Темірбек Қожакеевті қазақ журналистикасының корифейі десек қателеспеген болар едік.

– Осы саладағы аға буын «Темкеңнің тепкісін көргенбіз» деп

Біздер алдыңғы буынға қарағанда, білдей үлкен факультеттің тәртібін, ғылыми-шығармашылық бағытын қадағалап отырған, кеңестік партия құрамындағы декан – Темкеңді көре алған жоқпыз. Біз ұстаздың егде тартқан, зейнет жасындағы дәуіріне куәміз. Дегенмен де, ағамыз сол кездің өзінде де аттық үстінде, яғни өз биігінде еді.

Темкең өзгеге қандай талап қойса, сол талапты өзіне де қоя білген адам. Бізге дәріс беріп жүргенде мынадай оқиға болды: «Таңертеңгілік жүгіруді әдетке айналдырып жүрген кезі екен. Қыстың күні, сондай бір жүгіріп жүрген сәтінде мұзға аяғы тайып, қолын сындырып алады. Жетпіске тақап қалған шағы. Үшінші парда бізге сабағы болу керек еді. Содан жедел жәрдеммен ауруханаға барып, сынған қолына гипс салдырып, сол гипсімен бізге дәріске келді. Ешқандай ауырсынуды да байқатпай, сабағын әдеттегідей сатиралық леппен, көңілді деммен жалғастыра берді.

Тағы бір оқиға есімде қалыпты. Бірде әдеттегі Темкең жоқ. Жүзі сынық. Көңілі бірдеңеге алаң сияқты.

